№2 дәріс. Когнитивтік лингвистиканың теориялық негіздері

1.1 Лингвистика ғылымындағы антропоцентристік парадигманың қалыптасуы мен когнитивтік лингвистиканың туындауы.

1.1.1 Антропоцентристік парадигманың қазақ тіл біліміндегі қалыптасуы мен когнитивтік лингвистиканың туындауы.

1.2 Когнитивтік лингвистика ғылымының зерттелу тарихы мен зертеу объектісі, пән ретінде қалыптасуы.

1.2.1 Когнитивтік лингвистика ғылымының қазақ тіл біліміндегі зерттелу тарихы

Лингвистика ғылымындағы антропоцентристік парадигманың қалыптасуы мен когнитивтік лингвистиканың туындауы.

Жер жаһандағы жаңа мыңжылдықтың басындағы қоғамдық формациялардағы туындаған өзгерістер (өркениеттердің тоғысуы мен жаһандану құбылысы) тек қоғам дамуына ғана өзгерістер алып келген жоқ. Бұл процестер ғылымға да біршама өзгерістерді де ала келді. Соның ішінде адам мен қоғамға тікелей байланысты гуманитарлық ғылымдардың аясындағы тіл білімінде, антропоцентристік бағыт басты басымдықты өз қолына алды. Антропоцентристік парадигма тілді зерттеуді бұрынғы структуралық бағыттан бөлек жаңаша әдіс-тәсілдер мен жаңа талаптарды заман ыңғайына сәйкес алға қойып отыр. Тіл біліміндегі антропоцентристік бағытың тілді зертеудегі басты әдісі – тілді адам болмысымен өзара бірлікте қарастыруды мақсат етеді.

Адамзат қоғамындағы барша құбылыстар адамның өмірлік тәжірибесі мен рухани құндылықтары тұрғысынан қарастырылуда. Ғылымдағы мұндай жағдай сонау көне заман философиясынан бастап, бүгінгі таңдағы философиялық пайымдаулардан да айқын көрінетіні заңды құбылыс. Қай заманда да, қандай да бір қоғамдық формация да болмасын ғылым, техника, өнер, білім – баршасы бірігіп келгенде, адам болмысын тануды мақсат етеді. Тіршіліктегі әралуан әрекеттер мен құбылыстардың жүзеге асуы тікелей адам болмысымен немесе оның ерекше интелектуалдық қасиеттерімен тікелей байланысты. Айналып келгенде ғылым, техника, өнер мен білім адам жасампаздығынан туса, әрі сол жасампаздық адамды, адам мүмкіндігін тану қажеттігінен туған идеялар. Антропоцентристік парадигма алғашында таным нысанынан бастау алып, субъектіге қарай бет бұрып, адамның тілден, ал тіл сол адамның тұла бойынан іздестірілу жолымен жүзеге асырылады. Яғни, И.А.Бодуэн де Куртэненің түсіндіруі бойынша, «тіл сол тілді тұтынатын

қоғамдағы 6 жекелеген индивидтердің психикасында, жан дүниесінде, миында өмір сүреді» [1, 11 б.].

Лингвистика ғылымындағы лингвофилософиялық концепцияның негізін салушы белгілі ғалым В. фон Гумбольдт тіл білімінің антропоцентристік бағытта дамуын мынадай деректермен сабақтастырады: біріншіден – тілді зерттеу жұмыстарының антропоцентристік парадигмаға жақын тәсілдермен зерттелуі. Ол жерде адам басты объект болғанымен теорияға қатыстырылмайды, ал тіл – сан түрлі құбылып, жандану және мифтену тұрғысынан қарастырылады; екіншіден – тіл мен адам бір бүтін бөлшек ретінде зерделенеді; үшіншіден – адамды тіл табиғатын толық білетін тілдік тұлға деп қарастыру; төртіншіден – тіл арқылы адам өз мүмкіншілігін көрсетеді. Ғалымның антропоцентристік парадигманың даму жолындағы лингвофилософиялық концепциясы тіл білімі тарихында «адам теориясының қалыптасу ядросы» деген атпен қалғаны белгілі [2, 29 б.].

Антропоцентризм терминінің мазмұны грекше «anthropos» – «адам», ал «centrum» латын сөзі – «орталық» дегенді білдіреді. Яғни, адам болмысын табиғат әлеміндегі өзге де болмыстарға қарсы қоя отырып, адамды ғаламның кіндігі (орталығы) ретінде қарастыратын, өмірдегі болып жатқан құбылыстардың себепшісі ретінде адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт ретінде қарастыру ісі кеңінен қанат жаюда. Тіл біліміндегі антропоцентризмді философиялық көзқарас тұрғысынан П.С.Гуревич: «Антропоцентризм – это воззрение, согласно которому человек есть центр Вселенной и центр совершающихся в мире событий. Многие философы исходили из данной мировоззренческой установки, полагая, что главная проблема философии – человек. Только осознавая природу, сущность, предназначение человека, можно понять все другие философские проблемы, сколько их ни накопилось в течение множества веков» [3, 44 б.] деп түсіндіреді.